



БЕКІТЕМІН

Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының директоры

Б.Абдикерова

«31» 07 2022 ж.

«БОЛАШАҚҚА ЖОЛДАМА» ФОРУМЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы Ереже «Болашаққа жолдама» облыстық форумын (бұдан әрі – Форум) өткізу тәртібі мен шарттарын белгілейді.
- 1.2. Облыстық форумды Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы өткізеді.
- 1.3. Форумды өткізу тәртібі осы Ережемен айқындалады.

II. ФОРУМНЫҢ МАҚСАТЫ – облыстың білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдар беру жұмыстарының тиімділігін арттыру және оқушылардың өзін-өзі кәсіптік анықтауына көмек көрсету.

III. ФОРУМНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

1. Педагогтердің оқушыларды кәсіптік бағдарлау қызметін ұйымдастырудағы үздік жұмыс тәжірибесін көрсету;
2. Оқушылардың кәсіптік өзін-өзі анықтауы үшін ақпараттық-танымдық жағдай жасау;
3. Заманауи мамандықтар мен технологиялардың таныстырылымдары;
4. Облыс ұйымдарында кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру бойынша үздік жұмыс тәжірибесін анықтау және тарату.

IV. ФОРУМДЫ ӨТКІЗУ КЕЗЕҢДЕРІ

- 4.1. I кезең-аудандық-қалалық: 2022 жылдың наурызы
- 4.2. II кезең-облыстық іріктеу: 31 наурыз -10 сәуір. Іріктеу кезеңіне қатысуға әр өңірден 1-2 үздік жұмыс әр бағыт бойынша жолданады.
- 4.3. Форумның облыстық іріктеу кезеңіне қатысуға өтінімдер мен жұмыстарды қалалық/аудандық кезең қорытындылары бойынша білім бөлімі 2022 жылдың 30 наурызына дейін электрондық umc.forum@umckrg.gov.kz мекенжайға жібереді.
- 4.4. III кезең - «БОЛАШАҚҚА ЖОЛДАМА» ФОРУМЫНЫҢ облыстық Бірыңғай күні – айы сәуір 2022 жыл өткізіледі. III кезеңге әр бағыт бойынша 6 здік жұмыс қатысады.

V. ФОРУМҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

- 5.1. Форумға білім беру ұйымдарының оқушылары, педагогтер қатысады.

VI. ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТЕР

6.1. Қарағанды облысының ЖОО-лары, колледждері.

VII. ФОРУМ БАҒЫТТАРЫ

7.1. «Үздік авторлық бағдарлама» байқауы. Конкурса авторлық бағдарламалар, таңдау бойынша курстар, Медициналық сыныптар», «Педагогикалық сыныптар», «IT сыныптар», «Агросыныптар», «Инженерлік сыныптар», «Сәулетші», «Жас блогер», «Жас журналист» және т.б бағыттар бойынша элективті курстар ұсынылады.

7.2. «Үздік кәсіптік бағдарлаушы» байқауы. Кәсіптік бағдар беру қызметінің үздік жұмыс тәжірибесін көрсету.

7.3. «Жаңа мамандықтар атласы» байқауы. Білім беру ұйымдарының кәсіби бағдар беру бейнероликтері (жалпы ұзақтығы 3-5 минут).

7.4. Оқушылардың бизнес стартап жобаларының көрмесі. Оқушылардың үздік жобалары мен бизнес-үлгілерін көрсету.

7.5. «Мамандықтар жәрмеңкесі» бейнероликтері. Жоғары оқу орындары мен колледждердің мамандықтар бойынша кәсіптерін таныстыру.

VIII. «БОЛАШАҚҚА ЖОЛДАМА» ФОРУМЫНЫҢ БІРЫҢҒАЙ КҮНІ (облыстық)

8.1. «Болашаққа жолдама» форумының бірыңғай күнінің секцияларын өткізу үшін қазылар алқасы бағыттар бойынша үздік жұмыстарды іріктейтін болады.

1. «Үздік авторлық бағдарлама» секциясы;
2. «Үздік кәсіптік бағдарлаушы» секциясы;
3. «Жаңа мамандықтар атласы» бейнефильмдері» секциясы
4. «Оқушылардың үздік бизнес стартап жобалары» секциясы
5. «Мамандықтар жәрмеңкесі» секциясы.

IX. ФОРУМНЫҢ ӘДІЛҚАЗЫЛАРЫ

9.1. Қазылар алқасының функциялары:

- Форумға ұсынылған материалдарды Форумның мақсаттары мен міндеттеріне және бағалау критерийлеріне сәйкестігі тұрғысынан бағалау;
- жеңімпаздарды анықтау.

9.2. Форумның қорытындысы арнайы хаттамамен рәсімделіп, әділқазы мүшелерінің қолтаңбаларымен бекітіледі.

X. ҚОРЫТЫНДЫЛАУ, МАРАПАТТАУ

10.1. Қазылар алқасының шешімі бойынша секция жеңімпаздары Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

10.2. Секцияға қатысқандар қатысушы сертификатын алады.

ЕСКЕРТУ: Қарағанды облысының мамандандырылған мектеп-интернаттары «Болашаққа жолдама» форумының 1-кезеңін білім беру ұйымы ішінде өткізеді, 2-кезеңде әр бағыт бойынша 1 жұмыс жібереді.

Өтінім

№	Аудан қала	ББҰ атауы	Аты-жөні (оқушы/педагог)	Бағыты	Жұмыстың атауы	Байланыс телефоны, email

«Болашаққа жолдама» форумының Бірыңғай күнінің өткізілгені туралы ақпарат ҚО ББД ОӘО сайтында, Фейсбук, Инстаграм әлеуметтік желілерінде және БАҚ-та орналастырылатын болады.

Форумға қатысты сұрақтар бойынша ОӘО, 314 кабинетке (Қарағанды қ., С.Сейфуллин көшесі, 8/2), 44-56-30 тел. хабарласуға болады.

Келісілді:

Е. Аринов

Г. Копбаева

Г. Мукашева